

**Созақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 206 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 наурыздағы № 224 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 4931 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабының 2 тармағына, 106 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Созақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 206 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4859 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 12 қаңтарда "Созақ үні" газетінде және 2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Созақ ауданының 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1-қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 15 339 092 мың теңге;

салықтық түсімдер – 6 121 202 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 17 685 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 17 733 мың теңге;

трансферттер түсімі – 9 182 472 мың теңге;

2) шығындар – 15 489 995 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 41 914 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 56 812 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 898 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -192 817 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 192 817 мың теңге:

қарыздар түсімі – 56 812 мың теңге;  
 қарыздарды өтеу – 14 898 мың теңге;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 150 903 мың теңге." .  
 2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. 2019 жылы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу нормативтері белгіленсін:

аудандық бюджетке төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан 45 пайыз;

аудандық бюджетке төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы 50 пайыз;

аудандық бюджетке әлеуметтік салықтан 50 пайыз.";

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Созақ аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Күзенбаев*

*Б. Байғараев*

Созақ аудандық  
 мәслихатының 2019 жылғы  
 13 наурыздағы № 224  
 шешіміне қосымша

Созақ аудандық  
 мәслихатының 2018 жылғы  
 21 желтоқсандағы № 206  
 шешіміне 1 қосымша

## 2019 жылға арналған аудандық бюджеті

Санаты		Сомасы , мың теңге
Сыныбы		
Кіші сыныбы		

			Ерекшелігі Атауы	
			1. Кірістер	15 339 092
1			Салықтық түсімдер	6 121 202
	01		Табыс салығы	1 531 549
		2	Жеке табыс салығы	1 531 549
	03		Әлеуметтік салық	1 459 564
		1	Әлеуметтік салық	1 459 564
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 059 064
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 027 541
		3	Жер салығы	19 337
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	10 820
		5	Бірыңғай жер салығы	1 366
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	56 901
		2	Акциздер	5 121
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	31 500
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	20 280
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алатын міндетті төлемдер	14 124
		1	Мемлекеттік баж	14 124
2			Салықтық емес түсімдер	17 685
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 240
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	258
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 982
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	13 445
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	13 445
		09	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	13 445
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	17 733
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 683
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 683
		02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер	1 683
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	16 050
		1	Жерді сату	16 050
		01	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	16 050

4			Трансферттер түсімі	9 182 472
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9 182 472
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	9 182 472
		03	Субвенциялар	5 505 612
Функционалдық топ				Сомасы , мың теңге
	Кіші функция			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			К і ш і Атауы	б а ғ д а р л а м а
			2. Шығындар	15 489 995
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	298 488
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	213 116
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	27 887
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27 887
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	141 043
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	137 495
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 548
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	44 186
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43 720
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	466
	2		Қаржылық қызмет	2 100
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 100
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 100
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 000
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	83 272
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	29 860
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 860
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	36 066
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және	36 066

			коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	17 346
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	17 346
02			Қорғаныс	18 860
	1		Әскери мұқтаждар	18 040
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	18 040
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	18 040
			011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	1 996
			015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	14 512
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	820
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	820
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	820
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	38 042
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласында басқа да қызметтер	38 042
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	38 042
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	38 042
04			Білім беру	8 935 189
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	565 285
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	53 147
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	53 147
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	512 138
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	512 138
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	8 094 130
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 382 345
		003	Жалпы білім беру	7 263 652
		006	Балаларға қосымша білім беру	118 693
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	711 785
		024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	711 785
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	275 774
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	275 774
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 728

		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	182 748
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	2 150
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	233
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	16 187
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	386
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	51 500
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	9 842
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	745 632
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	150 997
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	150 113
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	150 113
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	884
		030	Патронат тәрбиешілерге берілетін баланы (балаларды) асырап бағу	884
	2		Әлеуметтік көмек	540 228
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	540 228
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	142 892
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	43 753
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	10 000
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	89 904
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 818
		015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	115 163
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге колмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	80 922
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	55 776
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	54 407
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	54 407

		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 174
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 000
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	233
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	892 592
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	210 674
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	210 674
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе)салу, реконструкциялау	26 934
		004	Инженерлік- коммуниациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	22 670
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	161 070
	2		Коммуналдық шаруашылық	634 439
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	622 317
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	49 568
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	572 749
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	12 122
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	12 122
	3		Елді-мекендерді көркейту	47 479
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	47 479
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	47 479
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 113 219
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	676 276
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	238 781
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	238 781
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	437 495
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	437 495
	2		Спорт	245 033
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	245 033
1			2	3
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 053
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	233
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	219 747
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	9 000

		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 000
3			Ақпараттық кеңістік	113 459
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	91 459
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	78 762
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	12 697
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	22 000
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	22 000
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	78 451
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	14 119
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 886
		010	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	233
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	64 332
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 596
		003	Жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыру	40 253
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	3 616
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	36 637
		006	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	483
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 023 053
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	1 023 053
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 023 053
		036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	1 023 053
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	285 953
	1		Ауыл шаруашылығы	248 590
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	26 794
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 794
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	221 796
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызмет	26 181
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	233



		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	7 000
1			2	3
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	4 468
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	32 729
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1 180
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	150 005
6			Жер қатынастары	24 756
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	24 756
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 736
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 000
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2 500
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 520
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқада қызметтер	12 607
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12 607
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	12 607
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37 456
2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37 456
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	23 197
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 964
		017	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	233
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	14 259
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 019
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	240
12			Көлік және коммуникациялар	312 193
1			Автомобиль көлігі	312 193
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	312 193
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	312 193
13			Басқалар	256 949
3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	32 767
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	32 767

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32 534
		004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	233
9			Басқалар	224 182
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	83 924
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	57 392
1			2	3
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	26 532
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	140 258
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	14 000
		026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	126 258
14			Борышқа қызмет көрсету	18
	1		Борышқа қызмет көрсету	18
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	18
15			Трансферттер	1 532 351
	1		Трансферттер	1 532 351
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 532 351
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	527
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	440 965
		038	Субвенциялар	1 090 859
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	41 914
			Бюджеттік кредиттер	56 812
Функционалдық топ				Сомасы , мың теңге
	Кіші функция			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама Атауы			
1			2	3

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	56 812
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	56 812
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	56 812
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	56 812
Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Ерекшелігі Атауы				
1		2		3
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 898
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 898
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	14 898
		13	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	14 898
			Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			Бюджет тапшылығы (профициті)	-192 817
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	192 817
Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Е р е к ш е л і г і Атауы				
1		2		3
7			Қарыздар түсімі	56 812
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	56 812
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	56 812
		03	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	56 812
Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Е р е к ш е л і г і Атауы				

1			2	3
16			Қарыздарды өтеу	14 898
	01		Қарыздарды өтеу	14 898
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14 898
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	14 898
		022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	0
Санаты				Сомасы , мың теңге
	Сыныбы			
	Кіші сыныбы			
	Ерекшелігі Атауы			
1			2	3
08			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	150 903
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	150 903
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	150 903
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	150 903

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК